

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Негіздеме: "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы. 3 тарау, 32, 33, 34 тармақтары:

- 32. Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жарамды жағдайда көзделеді.

- 33. Объектілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

- 34. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндерге, шәйнектерге) өлшеп-кұйылған және бөтелкедегі су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақыт сақталған жағдайда оны пайдалануға жол беріледі.

- 35. Су ішу үшін таза ыдысты (шыны, фаянс ыдыс немесе бір рет қолданылатын стакандар) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар немесе бір рет қолданылатын ыдысты жинау үшін контейнерлер бөлінеді.

Балабақшадағы ауыз су бұрышы



Асханадағы ауыз суға арналған қондырғы

Техникалық сипаттамалары :

Кері осмос сүзгісі RO-800G-P01 62 литрлік сорғымен және резервуармен жабдықталған, жоғары өнімді жартылай өнеркәсіптік кері осмотикалық жүйе. Жүйенің тәуліктік өнімділігі тәулігіне 4800 литрге дейін тазартылған суды құрайды. (қоректендіруші судың температурасы 25С.). Жүйенің сағаттық өнімділігі 180-200 л.сүзгі блогы мен сақтау ыдысының бөлек дизайнының арқасында жүйенің кеңістігі шектеулі жерлерде орналастыруға болады. Жүйе "құрғақ жүріс" бойынша қорғағышпен, қысым релесімен мембраналарды автоматты жуу клапанымен жабдықталған. RO-800 GP 01 мейрамханаларда, кафелерде, асханаларда, тазартылған суды сату орындарында, сондай-ақ медициналық салада, электроникада және жоғары сапалы тазартылған суды қажет ететін басқа салаларда кеңінен қолданылады.



Тазалау кезеңдері :

1-ші кезең: көбік полипропилен талшықты картридж.

2-кезең: түйіршіктелген активтендірілген көмірден жасалған көмір картриджі (GAC).

3-кезең: брикеттелген, түйіршіктелген көмірден жасалған көмір картриджі (СТО).

4-8-ші кезең: кері осмотикалық мембрана 100 галлон (4 дана).

9- кезең: белсендірілген көмірден жасалған сүзгі.